

**ҚАЗАҚ-ӨЗБЕК ҒЫЛЫМИ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ
БІРІНШІ ФОРУМЫ
2025 жылғы 19 тамыз. Астана қаласы**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры, Қазақстанның Жоғары мектеп ҰҒА академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстанның құрметті жазушысы, филология ғылымдарының докторы, профессор Жанғара Дәдебаев ҚР Ұлттық мұражайында «Ортақ тарихи-мәдени мұра – ынтымақтастықтың жаңа көкжиектері» тақырыбына арналған қазақ-өзбек зиялылары мен шығармашылық өкілдерінің бірінші форумына қатысып, сөз сөйледі. Профессор өз сөзінде Қазақ, өзбек зиялылары мен ғылыми-шығармашылық өкілдерінің «Ортақ тарихи-мәдени мұра – ынтымақтастықтың жаңа көкжиектері» тақырыбындағы бірінші форумы Қазақстан мен Өзбекстанның стратегиялық ынтымақтастығын ортақ рухани құндылықтар негізінде одан ары тереңдетуге, екі елдің мәдени-гуманитарлық, ғылыми-шығармашылық саладағы өзара бірлескен қызметін дамытуға қызмет ететініне сенім білдірді.

Қазақ, өзбек халықтарының тарихи-мәдени мұрасында, дәстүрлі дүниетанымында, мәдениеті мен әдебиетінде, ғылымы мен білімінде ортақ рухани құндылықтар теңіздей шалқып жатыр десек, артық айтқанымыз емес. Тарихи-мәдени мұрасы ортақ елдердің жарқын болашаққа бастар бағыты да бір. Ортақ тарихи-мәдени мұра құндылықтарына негізделген ынтымақтастық екі елдің де саяси, экономикалық, зияткерлік әлеуетінің қарыштап дамуына жаңа серпін береді.

Абай институтының ақпараттық қызметі

Форум туралы толық мәліметпен мына сілтеме бойынша танысуға болады:
<https://senate.parlam.kz/kk-KZ/news/details/14008>

<https://www.instagram.com/reel/DNlFPjmo99v/?igsh=YXB5ZDF6Zmo1NDdn>